Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

20 наурыз сенбі
№22 (1724)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қызылордалықтар!
Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Тереңнен тамыр тартатын құндылықтарымыз дәріптелер бұл мейрамды халқымыз қашанда ізгі ниетпен, үкілі үмітпен, ақжарма тілекпен қарсы алады. Ұлтымыздың Ұлы мейрамы ел тарихының айнымас бір бөлшегі, мәдениетіміз бен дәстүріміздің киелі бастауы екендігі баршамызға аян.

Сонымен қатар Әз-Наурыз – күн мен түннің теңеліп, жер арқасы кеңіп, тіршілік атаулы түгелімен жанданатын, жаңару мен жаңғырудың жаршысы, жыл басы. Ұлтты ынтымаққа ұйыстырған, келісім мен татулықтың арқауы болған ұлық мейрам.

Тағылымы мол, тәлімі терең, тарихы мыңжылдықтардың куәсіндей болған төл мерекемізді биыл екінші жыл қатарынан ерекше жағдайда тойлағалы отырмыз. Ұлыстың ұлы күнін ұлан-асыр той етіп, елдің еңсесін көтерер көпшілік-мәдени іс-шараларды өткізуге өздеріңіз білетіндей ел аумағында коронавирус індетінің таралу қаупі кедергісін келтіріп тұр. Дегенмен мейрамда тұрғындардың мерекелік көңіл-күйге бөленуі үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, бірқатар шараларды онлайн және офлайн форматта ұйымдастыруды қолға алдық.

Ардақты ағайын!

Ел халқының ырыс-ынтымағы мен іргесі сөгілмес бірлігінің арқасында бұл қиын кезеңнен де сүрінбей өтіп, дәстүрлі мерекемізді дәріптеп, кең көлемде атап өтетін күнге де жетерімізге сенім мол.

Ұлыстың ұлы күнінде айтылған барлық тілек қабыл болып, жыл басы баршаңызға ырыс-несібе, құт-береке, мол табыс әкелсін! Шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, жанұяларыңызға жылылық сыйласын.

Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының
әкімі Нұрлыбек
НӘЛІБАЕВ

САРАПТАМА

СЫРДЫҢ БОЙЫНА ҚАНДАЙ АҒАШ ЕККЕН ЖӨН?

Сұлу Сырдың бас қаласы – Қызылорда жыл санап құлпырып келеді. Әсіресе, жаз айында қала аумағында егілген көшеттер мен гүлдер бүршік атып, шаһар шырайы тұрғындар көңілін көтеретіні анық. Бұл – көркейту-көгалдандыру жұмысының жемісі. Ал биыл жер тоңы жібіген көктемнің алғаш айында Сыр орталығына қанша ағаш отырғызылады? Жергілікті климатқа қандай тал егу тиімді? Науқанда нендей қателік кетіп жүр? Осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ БІТКЕН ІС

Бұрын қала аумағындағы көркі кетіп, жабайы өсімдік басқан шаңды алқап, бүгінде қызылордалықтар тамсана сипаттайтын әсем мекенге айналуда. Жаз болса Абай мен Назарбаев даңғылдары бойындағы, сонымен қатар аллея, сквелрлер аумағына егілген катарантус, филозит, целозия, пеларгония, цинни секілді гүл дестелері шаһар шырайын келтіріп, айналаға жұпарын шашады. Оған қоса Тұңғыш Президент саябағына отырғызылған ақ терек, көк терек, Сыр талы және Абай даңғылына егілген көрнекі гүлдер мен көшеттер қалаға ерекше сән беретіні байқалады.

Жалпы «Сыр өңірінде ағаш аз» деген таптаурынның теріске шығанына көп болды. Жыл сайын жаңадан бой көтерген саябақтар мен демалыс орындарында мыңдаған көшет егіліп, көгал отырғызу жүргізіледі. Мысалы, қала орталығындағы Батырхан Шөкенов атындағы саябақтың өзінде 800 терек пен 80 түп шырша егілген. Ал 2020 жылы «Сыр-Ана» монументі аумағының 3150 шаршы метріне көгалдандыру жұмысы жүргізіліп, «Дәрігерлер» аллеясы мен «Денсаулық» саябағы ашылды.

3 БЕТТЕ

ҚАЗАҚТЫҢ ТЕКЕМЕТІ КЕРЕМЕТ ҚОЙ...

Ұлттық өнердің бірі – киіз басу. Халқымыз әу бастан-ақ, әрбір тұтынған бұйымның қадір-қасиетін тани білген. Бұл күні әрі киім, әрі төсеніш, маңыздысы денсаулыққа пайдалы тұрмыстық бұйымды тұтыну кенжелеп тұр. Дегенмен ұлт өнерін заманауи үлгіде қайта жаңғыртып жүргендер бар. Соның бірі – Назарбаев зияткерлік мектебінің бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Қуаныш Үркінбаев.

3 БЕТТЕ

КЕЙІНГІ ҰРПАҚ ҰМЫТПАСА ЕКЕН...

Киіз үй – халқымыздың ең алғашқы сәулеттік құрылысы. Бұрышсыз үй қыста да, жазда да өмір сүруге қолайлы. Жылжымалы үйде әп-сәтте көшіп-қонуға болады. Оның жалпы салмағы жабдықтарымен қосқанда 300-400 келі. Кезінде киіз үйді бір түйеге артып, жаңа қонысқа көшкен. Қалаға қарасты Белкөл кентінде Мәрзия Құлмышова есімді әжей тұрады. Жасы алпыстың асқарынан асқан ақжаулықты ана көздің жауын алатын жасауымен жасақталған киіз үйді жалға беріп, кәсіп көзі етіп отырғанына жиырма жылға жуық уақыт өтіпті. Ұлттық болмыстың иісі аңқитын құндылықты көздің қарашығындай сақтап отырған оның сарайында бүгінде барлығы 6 киіз үй иін тіресіп жинаулы тұр. Ал үйінің бір бөлмесі құдды бір тігін шеберханасындай.

Себебі кейуана киіз үй жабдықтары мен жасауының барлығын дерлік осында өзі тігеді екен. Кестелейді, тоқиды, сан түрлі оюмен өрнектеп, әйтеуір, небір кереметті әп-сәтте әзірлеп шығады.

3 БЕТТЕ

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

Әз-Наурызды асыға күттік

Биыл көпшілік наурыз мерекесін асыға күтіп жүр. Соның бірі – қаланың жас тұрғыны Аслан Нұржанұлы. «Тәте, білесіз бе, мен наурызды қатты сағындым» деген балдай сөзі құлағыма жағып кетті. Әдетте, кішкентайлар бұл мейрамға асықпайтын еді. Маған інімнің сөзі қызықты көрініп, қайта сұрадым:

– Аслантай, наурызды неге сонша күттің? – дедім таңырқай.

– Тәте, былтырғыдай үйде отырып тойлағым келмейді. Көп адам ауырып, мейрамды дұрыс тойлай алмай қалдық қой. Ешкім ауырмаса екен, – деген кезде көзіме еріксіз жас келді. Ойын баласы арманын жасырмады, ашық айтты. «Шіркін, сенің айтқаның болсын. Ешкім ауырмасын» деген күйі қалдым. Иә, расында да былтырғы сәт қайталанбаса дейміз. Алла амандығын беріп, бәрі Ұлыстың ұлы күнін аман-есен, мәз-мәйрам күйде атап өткенге не жетсін...

Дүйім жұрт күткендей бұл – көктемнің, жылылықтың, бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі. Осы күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алады. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан-белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдыққа, көрегенділікке, ізеттілік пен мейірім-шапағатқа баурайды. Наурызды әр халықтың асыға күтетіні де осыдан болса керек. Осы ұлы күнге байланысты халықтың әдет-ғұрыптары мен жол-жоралары, салт-дәстүрлері бар.

НАУРЫЗ – БІРІНШІ АЙ

Наурыз – жаңа жыл тойы, көктем мерекесі, күн мен түннің теңелу сәті, халықтың ынтымақ күні. Сонымен қатар наурыз – табиғаттың мейрамы. Өйткені Орта Азия мен Қазақстан тұрғындары бұл күнді «Самарқанның көк тасы еріген күн» деп те дәріптейді. Наурыз – қазақта бірінші айдың аты. Адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән-жырға жалғасады. Халықта бұл күнге лайық салт-дәстүрлер де бар. Олар «Наурыз тойы», «Наурыз жыры», «Наурыз көже», «Наурыз бата» деп аталады.

Наурыз халықтық мереке бола тұра кеңестік саясат кезінде оны тойлауға діни мейрам есебінде тыйым салынды. Бірақ осы тұста Мағжан Жұмабаевтың мына сөзі еске түседі: «Қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы» деген. 1988 жылдан бастап Наурыз мейрамы қайта тойлана бастады және ол барлық жерде кең қолдау тауып, халықты рухани жағынан байытты.

Наурыз – шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Григориан күн есебінде де, жылдың алғашқы айы есебінде де күн мен түннің ұзақтығы теңеледі. Сол себеппен наурыз жыл басы болып саналған. Сонымен бірге қыстың соңы, көктемнің басы. Күн жылынып, қар еріп, жыл құстары келе бастайды. Сондықтан жылдың құт мезгілі есебінде наурызға бүкіл халық аса құрметпен қарап, оны есте қаларлық қасиетті ай санаудың басы етіп алған.

НАУРЫЗ ТӨЛ МЕН НАУРЫЗ КӨК

Көктемнің шуақты сәті наурыз айында мал төлдей бастайды. Осы наурыз төлін төлбасы ретінде бағалап, малжанды қазақ баласы оны ерекше күтіп-бағады. Төлбасы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді. Мұндай малды көбіне өз қызық, тойына немесе құрбандыққа жаратып, ырым етеді.

Наурыз көк – осы айда ұшып келетін көктем құсы. Көк бояуы басым шағын ғана қаракөк құс. Осы құсты шығыс халқы ерекше құрметтейді. Оны алғаш көргендер «Наурызкөгім, келдің бе?» деп шақырады. Наурызкөкті ешкім үркітпейді, оны киелі құс қатарына қосады.

НАУРЫЗШЕШЕК ПЕН НАУРЫЗША

Табиғаттың тағы бір сыйы – наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түсті гүлді, қауашақты әсем өсімдік. Әсемдік үшін үйде өсіріледі. Майының дәрілік қасиеті бар. Қазақ елінің таулы аймағында оның бірнеше түрі өседі. Наурызшешек «Қызыл кітапқа» енген сирек кездесетін бағалы өсімдік қатарына жатады.

Наурыз айының ашық күндері қолдан ойғандай ерекше ою-өрнекті әрі жұп-жұқа қиыршық қар түседі. Ол күн көзіне шағылысып, шашырап, жылтылдап құбылады. Анықтап қарағанда басқа қар қиыршықтарындай емес, жеңіл де үлпілдек болады. Мұны халық «наурызша» деп атаған.

2 БЕТТЕ

АУЫЛДАҒЫ НАУРЫЗ ТОЙЫ

Биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылымен тұспа-тұс келіп отырған Наурыз мерекесін ауылдық округтерде де ерекше атап өтуде. Қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округі Қызылордадан 20-25 шақырым жерде орыналасқан. Бүгінде 400 – ден астам шаңырақ үй тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан, қаймағы бұзылмаған ауыл. Халқы – еңбекқор, мал, егін шаруашылығымен айналысады. Мұнда Наурыз жылда жоғары деңгейде өтеді. Ауылда мектеп, балабақша, медпункт бар. Әбір үйге ауызсу, табиғи газ тартылған. Жолы тегіс. Қарауылтөбеліктердің халқы ұйымшыл. Той-томалақ пен таудай тірлікті біріге атқарып тастайды.

2 БЕТТЕ

НАУРЫЗ БОЛЖАМ

ҚОШ КЕЛДІҢ, СИЫР ЖЫЛЫ!

Әрбір атқан таңнан береке тілеп, жаңа күннен жақсылық күтетін халықпыз. Содан да болар қазақ халқы әр жылдың ерекшелігін, жаман-жақсысын бағамдап, соған сай бағасын берген.

Қазақша жыл санау бойынша биыл сиыр жылы. Жыл басы тышқаннан кейін келетін бұл үй жануарының халық түсінігінде отбасының асыраушысы саналады. Ішсе сусын, жесе тамақ, сатса пұл болатын Зеңгі баба тірі жанға зияны жоқ. Сондықтан сиыр жылын жұртшылық молшылық, тыныштық орнаған берекелі жыл болады деп күтеді.

ӨТКЕНГЕ ШОЛУ

Өткен ғасырға көз тастап, жыл санауға үңілер болсақ сиыр жылы 1901 жылы келген екен. Одан кейінгі жылдарда бір мүшелді артқа тастап 1913, 1925, 1937, 1949, 1961, 1973, 1985, 1997, 2009 және 2021 жылға сәйкес келіп отыр. Ал тарихқа көз жүгіртсек, сиыр жылына тұспа-тұс келген әр уақыттың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, 1901 жылы Қазақстанда өнеркәсіп, саудасаттық саласы дамыды. Оған сол жылы Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы үлкен себеп болды. Ұзындығы 1668 шақырым болатын темір жол құрылысын жүргізуге 40 мыңға тарта қазақ атсалысты. Осылайша еліміз өркениетке алғашқы қадам жасады. Бұдан кейін сиыр жылы 1925 жылға тура келіп, қазақ халқы үшін оңай болмады. Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшылығына Голощекин сайланып, «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранымен өткен саяси науқанның салдары ашаршылыққа әкелді. Өкініштісі сол 1937 жылғы құғын-сүргін де сиыр жылымен қатар келді. Халқымыздың бетке ұстар азаматтары осы жылы ату жазасына кесіліп, саяси құрбан болды. Халқымыз үшін тағы бір апатты жыл 1949 жылы басталды. Дәл осы жылдың тамыз айында Семей полигонында ядролық сынақ жүргізіліп, зардабын қарапайым халық тартты. Бұл да сиыр жылында орын алған жағдай еді. Осындай оқиғалардан соң сиыр жылы ел есінде қиындық пен ауыртпалық жылы болып ұзақ есте қалды.

Ал жыл қайыру есебі бойынша сиыр жылының бесінші мүшелі 1961 жылдың тұсы еді. Бұл жылы КСРО қарамағындағы елімізде ғылыми-техникалық үдеріс болып, Байқоңыр ғарыш айлағынан адамзат тарихында алғаш рет Ю.Гагарин ғарышқа сапар шекті. Осы ғылыми өркендеудің нәтижесінде өнеркәсіп саласы жаңа бағытта дамыды. Елімізде мұнай, газ өндіру, кен орындарын ашу, химия өнеркәсібі қарқын алды. Қуанышы мен қайғысы қатар жүрген сиыр жылында жаңа өзгерістер де орын алған. Сонау 1973-1985 жылдар ел есінде елеулі орын алмаса да, ашаршылық, құғын-сүргіннен ада, тыныш заман болды. Одан кейінгі сиыр жылы 1997 жылға тура келді. Бұл еліміз егемендікке жетіп, жарқын болашаққа бағыт алған уақыт болатын. Қазақстанның жаңа белеске қадам басып, тәй-тәй басқан жас мемлекеттің тіршілік тамырына қан жүгірген кезеңі еді. Дәл осы жылы ел астанасын Ақмола қаласына ауыстыру туралы Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығы шықты. Сондай-ақ оның халыққа жасаған тұңғыш Жолдауы «Қазақстан-2030» стратегиясы жарияланды. Содан бері қазақ елі үшін қай жыл болса да өсіп-өну, өркендеу жылы болып келеді. 2009-дағы сиыр жылы да еліміздің өткенге шолу жасап, ертеңге жоспар құрған сәтті кезеңі болды. Бұл кезде ел экономикасы тұрақталып, еліміз дамудың даңғыл жолына түскен.

Міне, осылайша еліміз егемендік алғалы бері сиыр жылының дау-жанжал, қиындықтар мен ауыртпалықтар көп болады деген түсінігі жойыла бастады.

БҮГІНГЕ БАҒАМ

Жалпы мұсылман күнтізбесі бойынша үй жануарларының жылы жайлы жыл болады деп болжанған екен. Сиыр да сондай. Оны жуас, момын мал ретінде таныған жұртымыз сол жылдан мамыражайлықты күткен. Сол мамыражай, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» жылдан биыл да үміттіміз. «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп, жаңа жылға да қадам басқалы тұрмыз. Тышқан жылымен келген індет өзімен кетіп, бұл жолғы сиыр жылы тек жақсылыққа, игі істерге толы жыл болмақ деп болжануда.

МАМАНДАР РАСТАЙДЫ

Әр жылды ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделейтін жұлдызнамашылар да сиыр жылын табысты жылға теңеп отыр. Тек кез келген өзгерістен, жаңа мүмкіндіктен қорықпаған дұрыс. Қолға алған ісіңіз бірден нәтиже бермесе де, уақыт өте жемісін жейсіз. Сондай-ақ нумерологтар биылғы жылдың басты саны 5 дейді. Бұл сан адамзат өміріне өзгеріс әкеліп, бәрін өз орнына қоятын көрінеді. Ең қызығы жеке бастың қамын көздейтіндер бұл жылы қайырымдылық жасауға бейімделіп, тіпті оны әдетіне айналдырады. Ал мұны әдетке айналдырған жандарға сиыр жылының жақсылығы мол болмақ.

Өткен жылдың ел экономикасына, бірқатар салаға әкелген өзгерісі бұл жылы да өзгеріссіз қалуы мүмкін. Мамандар оған қарсы тұрудың қажет еместігін айтады. Керісінше ондай өзгерістерді оң қабылдаған жөн екен. Ең маңыздысы жылдың екінші жартысында әлемді жайлаған індет жойылып, ахуал жақсара бастайды деген болжам бар. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген. Сиыр жылы табысқа, бақытқа кенелткен жыл болғай!

Дайындаған **Айдана СЕЙІЛ**

АТА КӘСІП

«МЕНІ ЖҮЛДЕ ЕМЕС, ЖҮЙРІГІМНІҢ ЖЕҢІСІ ҚУАНТАДЫ»

Қазақ ежелден төрт-түлікті баптап, ата дәстүрді сақтап өскен халық. Кисе – киім, ішсе – ас, мінсе – көлік болатын үй жануарын күтіп-бағу қанға сіңген қасиет. Соның ішінде жүйрік ат қазаққа аса жақын келеді. Ал бәйге, көкпарға жүйрікті арнайы дайындап, күтіп-баптауды қазақтан артық ешкім білмесі анық.

Қазіргі уақытта да асыл ат баптап жүрген атсейістер аз емес. Жүйрік тұлпарды асырап-бағудың өзі оңай еместігі рас. Десе де сол бір салт-дәстүрдің қаймаған бұзбай, бабадан қалған ат баптауды бүгінгі күнге дейін атқарып келе жатқандар бар. Мәселен, бәйгеге ат баптайтын атсейіс Азамат Мекербанұлы солардың бірі.

Ол бала кезінен жылқыға құмар болыпты. Атасы мен әкесі жылқы асыраған әрі жылқының қыр-сырын жақсы білетін жан болған екен. Бәйге атын таңдайтын сыншылық, оларды ат жарысқа дайындайтын атсейістік те сол атадан дарыған қасиет деп санайды. Бала кезінен жылқыға жақын Азамат Ахметбеков бүгінде арманына жеткен жан.

– Кішкентай кезімнен атпен шауып, оларға жем-суын бергенді жақсы көретінмін. Сол кезде менің де көп жылқым болады деп армандаушы едім. Бүгінде, арманыма жеттім. Жалпы ат бағу деген оңай жұмыс емес. Бірақ адамның шын көңілі болса, қиындықтардың барлығы түкке тұрмай қалады. Оның үстіне түсінген адамға ат бағу денсаулыққа да жақсы әсерін тигізеді, – дейді бәйгеге ат баптайтын атсейіс.

Атсейіс өз сөзінде бәйгеге ат баптаудың сыры сан түрлі және әр адам әртүрлі баптайтынын жасырмады. Ең бастысы бәйгеге шабатын аттың басқа жылқыға қарағанда тұрпаты ерекше келеді екен. Атсейістің Лашын атты бәйге тұлпары бар. «Осы кезге дейін талай бәйгеде оза шауып, бас жүлделермен қанжығамызды майлады. Мені жүлде емес, жүйрігімнің жеңісі көп қызықтырады. Сондықтан да барлық жүлдені шабандоздарға беремін» дейді ол. Жақында Азамат Мекербанұлының өзі де ауылда тай жарыс ұйымдастырып, жүлделі орындарға бағалы сыйлықтар тіккен. «Сол тай жарысына баптаған тайларым жүлделі орындарды иеленді» деп қуанышын да жасырмады.

Атсейіс Азаматтың құлын кезінен асыраған Ұшар деген сүйікті тұлпары бар. Бүгінде жеті жасқа келген жануардың ерекшелігі алыстан иесін көрсе үйірін тастап, иесіне бұрылады екен. «Мен де оның жалын тарап, арқасын қағып қайта үйіріне жіберемін. Қасыма бөгде адамды жолатпайтын да әдеті бар» дейді ол.

КӨКПАРҒА КЕЗ КЕЛГЕН АТ ЖАРАМАЙДЫ...

Көкпар – қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Жігіттің күш-жігерін, төзімділігін, ептілігін дамыту мен атқа дұрыс отыра білуді үйрететін бұл ойын кез келген азаматтың қолынан келмесі анық. Сондай-ақ көкпарға шабатын ат та оңай таңдап алына салмайды. Оған да арнайы бап пен күтім керек. Бейбарыс Бибосынұлы көкпарға ат баптайтын азаматтың бірі.

Оның көкпарға қатыстыратын екі тұлпары бар. «Ат – ер қанаты» демекші ер азаматқа ат баптаған жарасады. Менің Найза атты сүйікті тұлпарым бар. Найза тәттіні жақсы көреді. Дене бітімі де бөлек, алыстан көзге түседі. Жақсы тұлпарды баптау үшін жақсы тұқым алып, жақсылап күтіп баптау керек», – дейді Бейбарыс Тұрсынбек.

Көкпарға ат баптаушы бұл ойынға таңдалатын жылқының ерекшелігін де атап өтті. Оның сөзінше, көкпарға шабатын аттың бітімі басқа, тұрқы сұсты, ерекше болады екен. Ал оларды баптау үйренген адамға аса көп қиындық туғызбайды дейді. «Көкпар аты жуан, күші мықты және өте қайратты болып келеді. Оларды баптау үшін арнайы атты суыту, таң асыру секілді әдістер қолданылады. Ең бастысы көкпарға атты дұрыс таңдай білу керек дейді», – ат баптаушы.

Бейбарыстың баптаған жүйріктері бүгінде жүлдесіз қалып жүрген жоқ. Мәселен, өткен жылы ауданаралық жастар арасында өткізілген көкпардан бас жүлдені иемденген. Одан өзге де бірнеше көкпардан алған жүлделері аз емес. Ендігі кезекте осы спорт түрін ілгері дамытып, көненің көзі болған ойынды қайта жаңғыртуды көздеп отыр. Осы мақсатта ауыл ішінде өзі көкпар ұйымдастырып, уақытты пайдалы әрі қызықты өткізіп жүр.

А.НҰРАЗҒАЛИ

АУЫЛДАҒЫ НАУРЫЗ ТОЙЫ

Мереке қарсаңында ауылдық клубтың ұйымдастыруымен карантин талаптарына сақтап, «Наурыз-береке, бірліктің бастауы» атты шара өтті. Бүгінде киіз басу өнері кенже қалып барады. Кезінде әр үйдің төріне жайылатын текеметті іздесек те таппайтын болдық. Киіз басу өнерін ұлықтап, насихаттап жүргендердің де қатары азайды. Үйінде жүн түтіп, текемет басып, ісмерлікпен айналысатындар саусақпен санарлық. Десек те баға жетпес бұл құндылықты ауылдағы ақ жаулықты аналар насихаттап жүр. Олар байырғы киіз басу тәсілін келіндеріне аманаттап, қыздарына үйретіп келеді.

Ауылда киіз басу, жүн түту, ұршық иіру, тоқыма тоқу өнері мерекеде жалғасын тапты. Оған ауылдық округтің қолөнер шеберлері атсалысты. Шараға қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязов пен Қарауылтөбе ауылының әкімі Сейілбек Тайманов қатысты.

– Өзіміз оқушы кезімізден ауылдағы әжелерден киіз басуды үйрендік. Бертін келе бұл кәсіпті үйреншікті түрде қолға алдық. Әйтсе де, әжелер жастарға, келіндерге қазақы ұлттық құндылығымызды ұмытпауды, киіз басу, қамшы өру, байпақ басуды қолға алу жөнінде алқалы топтарда әңгімелеп отырса, мұның өзі үлкен іс болар еді, – дейді ақ жаулықты аналар.

Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған ауылда жас келіндер арасында «Бауырсақ party» сайысы өтті. Келіндер жеті шелпек пісіріп сынға түсті. Сайысқа қатысқан ауыл келіндерінің ішінде осалы болмады. Ауыл әкімі де шарадан тыс қалмай көпшілікті мерекемен құттықтады.

– Бүгінде әз – Наурыз барша Қазақ жұртының сүйікті мерекесіне айналды. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін Ұлыстың ұлы күнін еліміздің гүлдене беруін айтып, жаңарумен жанданудың ән бесігін тербеген наурыз мейрамын көңілді қарсы алып жатыр. Мереке құтты болсын, ауылдастар! Оттың басы аман, деңдеріңіз сау болсын, – деді ауыл әкімі.

Наурыз мерекесінің басты нышаны болып саналатын наурыз көже ауыл тұрғындарына үлестірілді. Бір қазан көже қазақ жерінде тату тәтті өмір сүріп жатқан көп ұлтты халықтың бірлігінің, достығының нышаны іспетті. Наурыз көжені кез келген жанның сүйісініп ішетіні де содан болса керек.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

Басы 1-бетте

Әз-Наурызды асыға күттік

ҚЫДЫР АТАНЫ КӨРДІҢІЗ БЕ?

Дүйім халықтың қамқоры, оларға жақсылық жасаушы, ырыс, құт, несібе әкелуші, бақыт, береке сыйлаушы, қасиет иесі, кемеңгер, әулие, көріпкел, жарылқаушы қартты Қыдыр деседі үлкендер. Ол Ұлыстың ұлы күнінде әр шаңыраққа барып, бата береді деп күтеді. Содан да болар, әр үй Қыдыр атаның жолын күтіп өздерінің жанын да, тәнін де, киер киім, ыдысы мен бұйымдарын да таза ұстауға тырысады. Үйдің іші-сыртын да, қора-қопсыны тазартып, ағаш отырғызды. Мұсылман қауымы мұндай үйге Қыдыр ата түнеп немесе бата беріп кетеді деп түсінген. «Қыдыр қонған», «Қыдыр дарыған» деген сөздер осындайдан шыққан. Сондай-ақ қонақжайлылыққа байланысты да Қыдыр ата ерекше құрметке ие. «Қырықтың бірі – қыдыр» деген сөз бар.

НАУРЫЗ ДУМАН

Бұл күн үлкен болсын, кіші болсын, осы мейрамға келіп, көңілді ойын-сауық ұйымдастырылады. Мұнда шарап ішу, ренжісу сияқты жат әдеттерге тыйым салынған. Тойда ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт бәсекесі, айтыс, түрлі ойын өткізіледі. Наурызда жұмбақ, ән, өлеңдер, Наурыз жырлары айтылады. Кішілер үлкендерден бата тілейді. Наурызнама бұрын үш-тоғыз күнге созылатын, халықтың ұлттық дәстүрі мен әдет-ғұрпы кеңінен қолданылатын ерекше үлкен жиын, той.

Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып, «ұйқыашар» әзірлейді. Ол сүр ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз-келіншектерге сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны «селт еткізер» деп атайды. Осы күні қарттар да естен шықпайды. Оларға арналып жылы-жұмсақ тағамдардан «бел көтерер» деп аталатын дәм дайындалып, тартылатын болған.

НАУРЫЗ КӨЖЕ

Наурыз тойының ажырамас белгісі – наурыз көже дайындау. Бұл көже азықтың жеті түрінен жасалады. Жеті түрлі азық халықтық дәстүрден шыққан. Көже бидай, тары, күріш, ет, тұз, сүт, су секілді тағамдардан жасалады да әр үй өз отбасынан дәм таттырады. Бұған қыстан шыққан қазы, шұжық, сүр етті де қосуға болады. Наурыз көже ежелгі жомарттық, қонақжайлылық, кеңпейілділік сияқты бағалы дәстүрдің бірі – дәм таттырудың көркем көрінісі ретінде қалыптасқан. Өйткені қазақта «Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем» деген мағыналы сөз бар.

НАУРЫЗ БАТА

Қазақ батаға бай халық. Соның бірі – Наурыз бата. Мұнда наурызнама өткізілгенде осы күнге арнап наурыз көжеге шақырғандарға, тойда өнер көрсеткен ақын, әнші, палуандарға, тағы басқа өнерпаздарға, жас талапкерлерге ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары бата береді. Бата жалпы жұртшылыққа, көпшілікке, бүкіл қауымға, ауылға да беріледі. Мәселен, «Өркенің өссін. Әр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын. Ұлың оңға, қызың қырға қонсын. Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол. Бақ берсін, қыдыр дарысын». Міне, осылайша жастар бұл күні үлкендерден бата алуға тырысады. Оған қоса наурызда алған батаның орны бөлек. Мұндай батаны «уыз бата» деп дәріптейді.

НАУРЫЗ ТІЛЕК

Әр адам өзіне, отбасына немесе ағайын-туыстары мен достарына Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, жақсы тілек тілейді, бір-бірінің үйіне кіріп, дәм татады. «Төрт-түлік ақты болсын! Өрісің малға, үйің жанға толсын!» деген ақ тілектер айтылады. Тілек – достық көңіл мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жарастықты салтының бірі ретінде айтылған.

«Көк тәңірі, нұрыңды аяма,
Жер тәңірі, ырысыңды аяма!
Әділ жанды тағынан тайдырма,
Әз халықты бағынан айырма!
Басыма бас қос, жасыма жас қос, асыма ас қос!». Мұндай жақсылықты әр отбасы өз шаңырағында қол жайып, шын ниетпен, пәк көңілмен тілейді.

Тілші түйіні:

Мақаламыздың басында кішкентай кейіпкеріміз Аслан айтқандай, айналамыз аман болып, жылдан-жылға наурыз мерекесін тойлап, бір-бірімізге тілегімізді арнап, үлкеннен бата алуды бәрімізге бұйыртсын. Бала тілегі қабыл болсын!

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Басы 1-бетте

СЫРДЫҢ БОЙЫНА ҚАНДАЙ АҒАШ ЕККЕН ЖӨН?

2020 жылдағы көгалдандыру жайын қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының орынбасары Абзал Рысбектен сұраудың сәті түсті. Сала маманы өткен жылдың табысты болғанын айтып, ресми мәліметтен мысал келтірді.

– Өткен жылы Қызылорда қаласын көркейту-көгалдандыру мақсатында 52 мың м2 аумаққа гүл мен гүлзарлар отырғызылды. Сонымен қатар сенбілік аясында 10 мыңға жуық ағаш көшеттері егіліп, аллея, скверлер мен аяқ су жүретін орталық көшелердің 45 процентіне көгалдандыру жүргізілген болатын, – деді Абзал Рысбеков.

Осы орайда өткен жылдың көгалдандыру ісіндегі ауқымды тірлікті айтпай кетпесек болмас. Олар – Назабаев даңғылы бойындағы жаяу жүргінші жолы мен қалалық денсаулық және демалыс саябағы. Себебі игілігі мол құрылыс қала тұрғындарына шақырымнан астам көгалды алқапты тарту етті. Мәселен, Назарбаев даңғылындағы жаяу жүргінші жолының қос қапталы жасыл желекпен көмкеріліп, түрлі гүлдер мен көрнекі ағаштар отырғызылды. Бүгінге дейін жалғасқан құрылыс арқасында 1 шақырымнан астам аумаққа көпжылдық және біржылдық гүлдер егіліп, боз арша, үйеңкі, шырша секілді 1500-ге тарта пайдалы ағаш бой көтерген.

Ал жақында пайдалануға берілген қалалық денсаулық және демалыс саябағында сан алуан спорттық нысаннан өзге, мыңдаған көшет жаңа саябаққа сән беруде. Мұнда егілген 20 мың түп көшет пен 60 мың түп гүл бірнеше жылда Сыр өңірінің орталығын орманды алқапқа айналдыратын анық. Тек күтімін кетірмей күн қарап, білігін игеріп баптасаң болғаны. Сонда ғана жас өркен таза ауа мен тамылжыған табиғатты сыйлайды.

Ол үшін барлық жағдай жасалған. 12 мың метрге жуық аяқ су каналы жүргізіліп, жүйелі күтім қаралған. Суғару демекші, жалпы қала орталығындағы арық жүйелері дамып келеді. Бүгінде Жібек жолы, Сарқырама магистралды каналдары қаланың басты көшелерін аяқ сумен қамтамасыз етуге қауқарлы. Ұзындығы 54,6 шақырым арық жүйесі мен 19 канал бойында 13 насос қондырғысы жұмыс жасауда. Сондай-ақ қаладағы жасыл желектерді суғаруға арналған арнайы жер асты ұңғымасы іске қосылып, көше бойындағы бітелген аяқ су өткізгіш құбырларын тұрақты тазалау, ауыстыру жұмысы үнемі бақылауға алынған. Осындай бірлескен тыңғылықты жұмыстың арқасында шаһар тынысы ашылып келе жатқандай.

Басы 1-бетте

МАМАН НЕ ДЕЙДІ?

21 наурыз күні республикалық тал егу акциясы деп белгіленді. Акция аясында қала тұрғындары да 2500 түп көшет егу жоспарлаған. Сондай-ақ жаз айында гүл мен гүлзар және ағаш отырғызу үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, мердігер мекеме жұмыс атқарады деп жоспарланыпты. Осы орайда егілетін көшеттердің сапасы мен түрі, жергілікті климаттық ерекшелік секілді маңызды талаптар сақталып жатыр ма? Саны басым, сапасы көңіл көншітпейтін көшеттерді бақылау қалай жүргізілуі қажет? Өңірге қандай талдың түрі қолайлы? Аталған сауалдардың жауабын ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, жаратылыстану институтының директоры Самалбек Қосановтан сұраған едік.

– Қызылорда қаласындағы көгалдандыру мақсатында отырғызылған талдарға көңілім толмайды. Себебі Қызылорда қаласы – республика бойынша бірде-бір инвентаризация жүргізілмеген аймақ. Яғни, «Қай көшеде қанша тал бар?», «Талдардың жасы мен түрлік құрамы қандай?» деген секілді талдау жүргізілмеген. Ол талдардың зиянкестері мен аурулары да анықталмады. Оған қоса қаладағы талдардың 80 проценті ескірген. Олардың орнына жас көшеттер отырғызу жұмысын жүргізу кемшін қалып отыр. Бұл тек қала көркіне ғана емес, тұрғындар денсаулығына да тікелей әсер ететінін ұмытпауымыз керек. Ол үшін әр көшедегі талдардың саны мен жасы, түрлік құрамы туралы мәліметті нақтылау қажет, – дейді Самалбек Оразбекұлы.

Сонымен қатар білікті маман саладағы бірқатар кемшілікті де атап өтті. Әсіресе, жыл сайын аумағы ұлғайған қаланың өзіндік тұқымбағы болмағанына қынжылып, тіпті мәселенің шешу жолын да ұсына кетті.

– Жыл сайын тал отырғызу маусымы басталған кезде көшеттерді сырттан тасып әкелуге мәжбүрміз. Жасыратыны жоқ, бұл үрдіс 30 жылға жуық қайталанып келеді. Бізге әкелінетін көшеттер Шымкент қаласы арқылы Ташкент, Бішкек қалаларынан келеді. Бұл салада әлі сырт мемлекетке тәуелдіміз. Мен бұл мәселені бірнеше рет көтергенмін. Қызылорда қаласына жақын жердегі «Сабалақ», Орбита», «Әдельвейс» «Ягодка» секілді саяжайлардан тұқымбақ ашатын уақыт келді. Яғни, қаланың теңгерімінде болатын тұқымбақ ашу қажет. Сонда сырттан келетін өнімді тежеп, өзімізді қамтамасыз ете аламыз. Сонымен қатар талдардың жапырағы да үлкен мәселеге айналуда. Егер тұқымбақ ашылса, ол жапырақтарды сол жерге көміп, шірітіп, оларды қайта пайдалануға жол ашылар еді, – деді ғалым.

Сала маманының айтқаны да орынды секілді. Мысалы, Назарбаев даңғылындағы жүргіншілер жолына отырғызған арша, үйеңкі секілді ағаштар Шымкент қаласынан әкелінген. Мұны бұған дейін мердігер мекеме өкілі Шерхан Сәбитбеков хабарлаған болатын. Қалалық денсаулық және демалыс саябағындағы көшеттер де сырттан келгенін білеміз. Сондықтан айтылған мәселеге бейжай қарамай, нақты жобаны жүзеге асыратын уақыт жеткен секілді.

Сондай-ақ қаланы абаттандыру бағытындағы басты мәселенің бірі – климатқа лайықты тал түрін таңдау. Сырттан әкелінген мыңдаған ағаш Сыр өңіріне жерсінбей, амалсыз қурап жатқанын жылда байқаймыз. Мұндайда желге ұшқан қаржы мен босқа кеткен есіл еңбекті көріп, алдын ала ғылыми талдау, маман пікірін ескермей, «жасыл қаланы желеулетіп», өзге өңірден ағаш тасыған мердігер мен әкімдікке қайран қаласың. Салада ұзақ жыл тәжірибеге ие ғалым аталған мәселеге қатысты да нақты тұжырымын білдірді.

– Біздің аймақ шұғыл континенттік климатқа жататыны белгілі. Қызылордада топырақ тұздануы, жерасты ыза суының жақын жатуы, вегетациялық кезеңде күннің өте ыстық болуы өсіп тұрған талдарға өз әсерін тигізеді Сондықтан аймақтың ауа райы, климатына бейімделген эндемик өсімдіктерді отырғызған тиімді. Олар – қарағаш, қызылағаш («Сыр талы»), үйеңкі. Сондай-ақ Сырдария өзенінің төменгі ағысында өсетін торанғыл да қолайлы. Аталған өсімдіктер біздің жерге бейімделген эндемик талдар. Ал өзге ағаш түрінің өсіп-өнуі қиындау. Бұл сырт аймақтан тал әкелуге болмайды деген сөз емес. Мәселен, ерен, катальпа, беже (айва) деген ағаштар жергілікті климатқа жерсініп, көп жерде өсуде. Алайда жеке пікіріме сүйенсем, шаһарға қара талдан артық тал жоқ деп санаймын. Егер қажетті күтім жасалса, шөлге төзімді, көлеңкелік қасиеті мол ағаш көп пайдасын тигізер еді, – деді Самалбек Қосанов.

«Қала бағбаны» атанған Келдібай Бектұрғанов та Самалбек Қосановтың пікірімен келісіп, ағашты егуде үлкен ыждағат, кең пайым керек екенін айтады. Ардагер маман талдың өркен жаюы оның түріне ғана емес, мезгілі мен күтіміне тікелей тәуелді деген ұстанымда.

– Ағашты көктемде, күзде егеміз ғой. Екі мезгілде де отырғызған жақсы. Күзде еккен ағаштың түбіне су құйып, сонысымен қалдырасың. Көктемде нәтижесін береді. Ал көктемде еккеннің жөні бөлек, күн жылынып, жердің тоңы жібіген тұста отырғызсаң, күтімі жақсы болса, жайқалып шыға келеді. Біздің аймақты аптап ыстық, қолайсыз деп жатады. Алайда мен ол пікірмен келіспеймін. Қалауын тапсаң, кез келген өсімдікті өсіруге болады. Мәселен, қарағайдың күтімі қиындау, дегенмен жасыл арша, шырша дегенді жерсіндіруге болады, – дейді.

P.S. Шаһарда көз жауын алатын қызылды-жасылды гүлдер, көрікті көшеттердің алаңдар мен саябақтар, гүлзарлар мен көшелерде егілетін уақыты таяды. Жасыл-желекпен көмкерілген сұлулық қаланың сәнін келтіріп ғана қоймайды, тұрғындарға таза ауа мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Бұл – ортақ жетістік. Тек табиғат көркемдігін ақылмен таразылап, көшеттердің сапасы мен санына жіті мән беру керек екенін ұмытпасақ болғаны.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

НАУРЫЗ ДУМАН

Ұлыстың ұлы күніне орай жан-жақта салтанатты шаралар басталып кетті. Әсіресе, қалаға қарасты ауылдық округтер күн сайын әртүрлі мерекелік қойылымдар ұйымдастыруда.

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында айтылғандай, наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын әзірлеу және көктем мерекесінің мазмұнын байыту туралы тапсырмасына сәйкес жаңа тұжырымдама әзірленіп, қала және қалаға қарасты мәдениет ошақтарында іс-шаралар жоспары бекітілген.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязовтың айтуынша, биыл наурыз мерекесін 14-22 наурыз аралығында өткізу жоспарланған. Әр күнге арнайы атау беріліп, қала және қалаға қарасты ауылдық мәдениет үйлері мен клубтарда түрлі форматта шаралар өткізілуде. Мәселен, «Наурыз – береке, бірліктің бастауы» атты Қарауылтөбе ауылында өткен мәдени шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қазақтың киіз басу, ұршық иіру, тоқыма тоқу іспетті ұлттық құндылықтары дәріптелді.

АЛАС КҮНІН АТАП ӨТТІ

Қала іргесіндегі Тасбөгет кентінің тұрғындары көктем келіп, жер дүние жаңарып, тіршілік түлеп жатқан тұста тойланатын мерекенің бірі – Алас күнін атап өтті. Бұл күн әрбір адамның рухани тазарып, елді ауызбіршілікке шақырып, әрбір көше, әрбір ауланың тазалығына аса мән беретін күн болып саналады.

Кент әкімдігінің қолдауы және С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Тазару мен жаңару» мейрамына орай керемет мерекелік шара өткізіліп, концерттік бағдарлама, түрлі көрмелер мен сахналық қойылымдар қойылды. Шараны қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязов пен кент әкімі Семсер Сыздықов ашып, халықты мерекемен құттықтады. Мерекелік бағдарламаны тамашалаған соң қонақтар жайылған дастарқаннан ел ағалары, ақсақалдар және ақ жаулықты аналармен бірге дәм татты. Театрландырылған қойылымнан бастау алған мәдени шара қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындарымен жалғасып, жергілікті өнерпаздардың концертіне ұласты.

ҮЗДІК КӨШЕ БАЙҚАУЫ

Наурыз мерекесін тойлауға арналған тұжырымдамаға сәйкес қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «КӨШЕ FEST» үздік көшелер байқауы биыл үшінші мәрте өткізілуде. Байқауда қала аумағынан 7 көше тұрғындары бақ сынасты. Екі кезеңнен өткен байқауда үміткерлер алдымен өз көшелерінің тарихын бейнеролик арқылы таныстырса, екінші кезеңде өнер жарыстырып, наурыз тойы негіз болған театрландырылған қойылымдарын көрсетті.

Нәтижесінде қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішев бастаған қазылар алқасының шешімімен бас жүлдеге Титов қыстағынан келген Ш.Құдайбердіұлы атындағы көшенің өнерлі тұрғындары лайық деп танылса, I орынды Қызылжарма ауылынан Қ.Сексенбаев көшесінің тұрғындары жеңіп алды. Ал II орын Қараөзек ауылының Ж.Маханбетов атындағы көше тұрғындарына бұйырса, Талсуат ауылының А.Құнанбаев атындағы көше тұрғындары III орынды қанағат тұтты. Барша жеңімпаздар мен қатысушыларға қаржылай сыйлықтар табыс етілді.

АҚЖАРМАДАҒЫ АЙШЫҚТЫ ШАРА

Ақжарма ауылындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Сыр Орда» вокалды аспапты ансамблінің «Ескірмеген әуендер» атты ән кеші өтті. Онда айтыскер ақын, Сыр елінің мақтанышы, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, Сыр сүлейі Мұхтар Ниязовқа ақын Гүлдана Ахметованың арнауын Ақжарма мәдениет үйі жанынан құрылған «Маржан сөз» мәнерлеп оқу үйірме мүшелері арнауын оқыды. М.Ниязов мәдениет үйінің домбыра үйірмесіне домбыра мен сахналық ұлттық киімдерді сыйға тартты.

Ән кешінде Талғат Нағашыбаевтың «Жайна Қазақстан», Халық әні «Илигай», «Туған жер», «Сен», «Жезкиік», «Кукушка», «Лет эт би», «Жан сырым», «Асыл ана», «Отан ана» әндері шырқалды, мәдениет үйінің жанынан құрылған «Әуен» ән үйрмесінен Гүлназ Рысбекова «Бұлбұлым» әні, домбыра үйірмесінен «Терісқақбай», «Балбырауын» күйлері және «Жұлдыз» би үйірмесінен «Құстар» биін бишілер биледі.

Жалпы биыл аталған күндері мерекелік 75 іс-шара офлайн және онлайн форматында өткізіліп, әлеуметтік желілер арқылы көрсетіледі. Барлық шараларда қазіргі жағдайда қазақ халқының әдет-ғұрыптарын жаңғырту, кеңінен насихаттау және жаңару идеясына үлкен идеологиялық әлеуетке ие мереке ретінде отбасы мен қоғамды біріктіретін құндылықтарды нығайтуға басымдық берілген.

Алдағы уақытта Береке күні «Әже мен немере» қалалық байқауы Талсуат ауылдық клубында, Тағзым күні мейірім мен қайырымдылық күні қарсаңында қала аумағындағы еріктілер тобының қайырымдылық акциясы, Өркен күні балаларға арналған мәдениет үйіндегі көркем өнерпаздарының концерті, «Сиқырлы айна» халықтық балалар қуыршақ театрының қойылымдарымен қатар «Жыл басы жарылқа!», «Ұлы даланың қолөнері», «Шаттық күні шаттанайық» «Бақ берекем, құт мерекем, Әз-Наурыз!» секілді шаралар халыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын болады.

Сонымен бірге 20 наурыз күні А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Әз Наурыз – берекенің ақ бесігі» атты мәдени көпшілік салтанатты шара өтеді. Мәдени шарада театрландырылған қойылым, тақырыпқа сай көрме, жергілікті өнерпаздар мен «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі тұрғындарға мерекелік ән-шашуын арнайды.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

ҚАЗАҚТЫҢ ТЕКЕМЕТІ КЕРЕМЕТ ҚОЙ...

Бала кезден сурет салумен әуестеніп, есейе келе осы өнерді серік еткен кейіпкеріміз киіз басуды беріде қолға алған екен. Шығармашылық адамы болған соң мәдени шараларға жиі қатысады емес пе? Сондай халықаралық деңгейдегі көрменің бірінде киізге салынған суретке көзі түседі. Көп дүниенің ішінен ерекше көз тартқан картинаға қызыққан ол осылайша, жаңа өнерді игермекке бел буады. Текемет басудың алғашқы қадамы жүннен сурет салудан басталыпты.

– Әуелде қызығушылық киізге сурет салудан басталды ғой. Сәтті шыққан туындылар сұраныс қа ие болды. Кейін тұтынушылар «текемет баса аласыз ба?», «киіз бассаңыз қайтеді?» деген ұсыныс айтты. Осыдан соң пайдалы дүниені неге жасап көрмеске деген ой келді. Әрі ұлттық өнерді жаңғыртып, қолданысқа енгізсек игі іс емес пе? Киіз басу технологиясын зерттеп жүзеге асырдым. Сұраныс қа сай текемет басып, ол көпшілік көңілінен шықты, – дейді кейіпкеріміз.

Текемет басуда негізгі шикізат қойдың жүні екені белгілі. Халқымыз мұның пайдасын оқу, білімсіз-ақ жақсы білген. Өкінішке орай, қазір көпшілік киізді қолдана бермейді. Текеметтің орнын түріктің, иранның түкті кілемдері басты. Киізден гөрі салмағы жеңіл кілемді қолайлы көреді. Сондай-ақ киіз шаң жинайды дейтіндер бар. Кейіпкеріміз Қуаныш Үркінбаев текеметті жаңаша үлгіде, қолданысқа қолайлы етіп шығаруда.

– Негізгі шикізатты өзге өңірден алдырамын. Көбіне меринос, қазақы қызыл қойдың жүнін тұтынамын. Қажетті бояуларын да табиғаттан аламын. Яғни, барлығы таза табиғи өнім саналады. Меринос қойының жүні биязы, жіңішке талшықты, жұмсақ келеді. Сондықтан одан жасалған бұйымдар әсемдікке қолданылады. Бұл өнімнен жасалатын текеметті көпшілік тұсаукесерге қолданады. Сондай-ақ кеудешелер, қол сөмке, тақия, моншаға керекті бұйым жасаймыз. Ал қызыл қойдың жүні тығыз, қалың болғандықтан төсенішке таптырмас дүние. Одан жасалған киіз тығыз, қалың болады. Тұтынушының талғамына сай етіп дайындап беремін. Қазір жасанды дүниелер көп қолданыста ғой. Тұрмысқа қажетті барлық заттың құрамы синтетикалық талшықтан тұрады. Оның адам ағзасына тигізер пайдасы жоқ. Ал жүннен жасалған бұйымдар ертеден қолданыста бар нағыз табиғи, таза өнім. Тіпті бояуының өзін жантақ, қарағай, жусан сынды өсімдіктерден аламыз, – дейді ол.

Бүгінде Қуаныштың өз шеберханасы бар. Киіз басу екі қолдың күшімен, ешқандай құрал-жабдықтың көмегінсіз жүзеге асады. Текемет басудың ертеден қалыптасқан өзіндік әдіс-тәсілі, жөн-жоралғысы бар. Маусымдық шараның салтанаты ауыл жұртына жақсы таныс. Қой қырқудан басталатын шара әрі қарай киіз басу науқанына жалғасады. Мұның барлығы күшті талап ететін жұмыс. Мұндай еңбек әрине, жоғары бағаланады. Ал жұртшылық ұлттық бұйымдар бағасының қымбаттығын айтып жатады. Алайда мұндағы бағалар қолжетімді. Әрі текеметтің денсаулыққа пайдасы көп. Осы орайда Қуаныш Үркінбаев қой жүнінің суық өткізбейтін, қан айналымын жақсартатын қасиеті барын ерекше атап өтті. Осыны ескеріп, тәй-тәй басқан сәбиге төсеніш ретінде тапсырыс беретіндер де бар екен. Кәдесый ретінде киіз сөмкелерге тапсырыс жоғары. Оның ішіне асық салып, сыйлыққа ұсынатындар салт-дәстүрімізді осылай жаңғыртып жүр.

Айдана СЕЙІЛ,
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

КЕЙІНГІ ҰРПАҚ ҰМЫТПАСА ЕКЕН...

Ісмерді үйіне арнайы іздеп бардық. Ол киіз үй жабдықтарының кем-кетік тұсын түгелдеп, тігіп отыр екен. Күн сәулесімен жарқыраған сырлы уықтар мен керегелерді «қыздың жиған жүгіндей» етіп жинап қойған.

– Өзбекстаннан 2003 жылы көшіп келдік. Туған елге қадам басар тұста өзіммен бірге 8 қанат ақ боз үйді ала келдім. Кезінде қысы-жазы тұтынып, жайлы тұрақ еткен дүнием еді. Елге оралғаннан кейін де сол үйді қайта жабдықтап құрып жүрдім. Уақыт өте келе қызығып, жұрттың керек етпей тастаған киіз үй сүйектерін аз-маз тиынға сатып алып, жасауын тігумен айналыстым. Сөйтіп, бір жылы екеу, келесі жылы үшеу етіп, біртіндеп киіз үй санын көбейте бастадым. Жақында 7 және 10 қанатты үйді тағы әкелдім. Бұл өзі бір қызық дүние. Өзіне еліктіріп, баурап, тартып тұрады. Шаршап отырсам да, кейде қолыма ине-жіп ұстағанымды өзім де сезбей қаламын. Қазір енді әне-міне дегенше Ұлыстың Ұлы күні табалдырықтан енгелі тұр. Әдемі жасауымен киіз үй сұрап келетіндер өте көп. Сондықтан күні бұрын осылай әрқайсысының кем-кетігін дұрыстап, жуып-тазалап отырған жайым бар. Бір жағынан ұлттық байлығымызды жастарға дәріптеу, көрсету болса, екінші жағынан бұл да бір тіршілік қамы ғой, – дейді ақжаулықты ана.

Расында киіз үйдің құрылымдық ерекшелігіне назар аударсаң, жинақылығы мен ыңғайлылығы өз алдына, сәулеттік сырт пішіні ерекше сұлулығымен дараланып тұрады. Ал көші-қонға лайықталып жасалған үй жиғанда жалғыз түйеге жүк болған.

– Өткен жылы киіз үйлер індеттің кесірінен тігілмей қалды. Биыл аз-аздап болса да киіз үйге сұраныс бар. Бұл өзі наурыздың сәні ғой. Қасиеті сондай, киіз үйге кіргенде жансарайын ашылып бір серпіліп қаласың. Өзіме солай әсер етеді. Киіз үйді жалға береміз. Бір қынжылатыным, қазіргі адамдар киіз үйді құру жүйесін білмейді. Әрбір жалға алушылармен бірге еріп барып, көрсетіп тұрамын, – дейді Мәрзия ана.

Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық киімдер мен киіз үйлерге сұраныс артады. Киіз үйді тігу әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Мереке кезінде Мәрзия апаның да жұмысы қызады. Ол әрбір үйдің құруына көмектесіп, жастарға үйретуден жалықпайды. Киіз үйін бірге құрып, бірге жығып, жақсы істің басы-қасында жүреді.

– Жастардың киіз үйден хабары жоқ. Кейбірі бірінші рет көргенін айтып таңғалып жатады. Қызықтап сұрағандардың бәріне ерінбей түсіндіремін. Кейінгі ұрпақ киіз үйді ұмытпаса екен деймін, – дейді ол.

Басы 1-бетте

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

САУАТТЫЛЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Сыбайлас жемқорлық қауіпті кеселдердің бірі. Жемқорлыққа қарсы күреске барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде атсалысуда.

Осы негізде «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалында сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес, оны болдырмау мен алдын алудың жүйелі шаралары қолға алынып, «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметі бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қанағаттандыру негізінде халықпен тығыз байланыста көптеген жұмыс жүргізілуде.

«Архивтік анықтамалар беру» Мемлекеттік көрсетілетін қызметінің 2020 жылда электронды үкіметтің www.egov.kz порталы арқылы 605 өтініш, «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ-ның халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы 76 өтініш, заңды тұлғадан 16, оның ішінде ТМД-дан 10 өтініш, барлығы 707 өтініш түсіп, өз мерзімінде, сапалы орындалды.

Ғылым мен техника дамыған кезеңде архивтік анықтамаларды алудың халыққа ыңғайлы тәсілі ретінде, электрондық сандық қолтаңбамен www.egov.kz порталы арқылы кез келген азамат өз үйінде отырып-ақ, аз уақыт ішінде жылдам әрі тиімді түрде архивтік анықтама алуға өтініш жіберіп, жауабын үйден шықпай-ақ белгілі бір уақыт аралығында ала алады. Мұның өзі халық қажеттілігі үшін жасалған игі бастама, сыбайлас жемқорлықты болдырмау барысында қолға алынған нәтижелі іс десек қателеспейміз.

Кез келген өркениетті ел үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Ақмарал МЫРЗАБАЕВА,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің
қоғамдық-саяси тарихы бойынша
филиалының архивисі

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ны тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2020 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есебін 2021 жылдың сәуір айының 07 жұлдызында сағат 11-00, Желтоқсан көшесі №156 кәсіпорының ғимаратында өткізетінін хабарлайды.

ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ДӘМ ТАТАТЫН МЕРЕКЕ

Дүйім түркі жұрты Ұлыстың ұлы күнін тек Наурыз мерекесі деп емес, күн мен түннің теңелуі, тіршіліктің жаңаруына себепші маңызды дата деп санайтыны белгілі. Бұл мереке – жеті түрлі дәмнен құралған Наурыз көже әзірленіп, әр шаңырақта ұлттық болмыстың белгісі байқалатын шақ. Қазақ жерінде пандемияға дейін Наурыз мерекесі жыл сайын кең көлемде тойланып, көшелер мен алаңдарда үйлер тігіліп, мерекелік концерттер өтеді. Ұлттық спорттық ойындар ойналып, ән-жыр айтылып, қолөнер шеберлері бұйымдарын көп назарын ұсынуға мүмкіндік алады. Ал өзге халықтар аталған мейрамды қалай қарсы алады? Түркі әлемінің қадірлі мерекесінде нендей өзгеріс бар? Осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Түркі халықтары «Невруз», «Гүл гардон», «Нардуган», «Патрих» деген атаумен тойлайтын мереке әр елде түрлі уақытта өткенімен негізгі мән-маңызы мен өзегі жаңаруға, табиғатпен үйлесімде болуға үндейді. Жалпы, бес мың жылдан астам тарихы бұл мейрамды Орта Азия халықтары ғана емес, әлем халқы үзбей тойлап келеді. Себебі түркі әлемінде Наурыз мерекесі көктем мен тіршіліктің жандануы, несібе мен ырыстың, бақыт пен қуаныштың айнымас белгісіне айналған. Мейрамда халық бір-біріне жақсылық тілеп, мейірімді болып, тіпті мұқтаж жандарға көмек көрсетуге асығады. Әр елдің тойлау үрдісі, ас-тағамы өзге, әрине. Алайда бәріне ортақ белгі – жаюлы дастарқан, көңілді шара, жиылған жұрт.

Қырғыз ұлты да аталған мерекеге ерекше мән беріп, ел көлемінде тойлауды жолға қойған. Шекаралас көршілер мейрамда дастарқан жайылып, май, қант және бидай ұнынан жасалған дәстүрлі ұлттық тағам – сумелек (сүмөлөк) әзірлейді. Тағам ел сенімінде «су» мен «мелек», яғни періште мағынасын береді. Сондықтан болар, айыр қалпақты ағайын бұл тағамды жәннат тағамы, қасиетті ас деп бағалаған. Сонымен қатар дастарханда мереке нышаны көже тағамы да қалыс қалмайды. Адамдар мереке қарсаңында қарыздан құтылып, бір-бірімен татуласуға тырысады. Тіпті мейрам күні дүниеге келген нәрестеге «Нооруз» деп есім беру де кездеседі. Айыр қалпақты ағайындар елінде бұл мейрам айрықша тойланады. Қырғызстанда да мерекеге арналған жалпыхалықтық серуен, мерекелік концерт пен ұлттық ойындар өткізіледі. Қырғыздардың мерекені тойлау әдеті қазақ ұлтымен шамалас екенін аңғару қиын емес.

Өзбектер де Наурыз мерекесін кең көлемде атап өтіп, тойлауға тырысады. Себебі ала шапанды ағайын Наурызды қалай күтіп алса, жыл толығымен солай өтеді деп сенеді. Сондықтан жақсылық жасап, туғантуыс, дос-жаранға сыйлық үлестіріп, берекелі тірлік жасауға асығады екен. Негізі Өзбекстанда көктемгі Наурыз мерекесі 21 наурыз күні тойланады. Ел көлемінде ұлттық жәрмеңкелер мен халықтық шерулер, ат шабыс ұйымдастырылып, тіпті ит және әтеш шайқасы да өтеді. Халық ұлттық киім киіп, ән айтып, би билейді.

Өзбектер де мереке күндері дастарқан жайып, ас әзірлеуге дағдыланады. Бидай ұнынан сумаляк самса мен хош иісті палау, халим нишалда бәліші секілді тағамдар мереке символына айналып үлгерген. Мұнда да мейрамда қазанды толтырып тамақ пісіру үрдісі бар. Мұны жергілікті жұрт «қазан толды» деп атап, несібе молаяды деп түйген.

Түрікмендер де көктем мейрамы түрлі наным-сенімге толы. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған өңір Наурыздағы ауа райына ерекше көңіл бөледі. Мысалы, егер наурызда күн бұлтты болса, онда осындай ауарайы маусым айына дейін созылады немесе Наурызда қар-жаңбыр жауса, жыл егінге қолайлы әрі өнімді болады деген болжамға халық сеніммен қараған. Наурыз мерекесінде алғашқы жаңа маусым басталады. Яғни сол мерзімде шопандар қасқырларға шабуыл жасайтын алабайлар шайқасын ұйымдастырады. Түркменстанда «Наурыз Байрамы» кезінде Әйелдер күні, Аналар күнін атап өтеді. Бұл қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыру мақсатында қолға алынса керек. Бұл күні әйелдер емес, ұлттық киім киген ерлер ас әзірлейді екен.

Түркі әлемінің бір бөлшегі – Түркия елінде де көктем мерекесі «Султаны Невруз», «Невруз Султан» секілді атаумен белгілі. Мұнда да Наурыздың алғашқы күні адам не көрсе немесе байқаса, жыл бойы сонымен бірге болады деп жориды. Салт-дәстүр бойынша бұл тек адамдарға ғана емес, қарапайым тұрмыстық заттар мен тағамдарға да байланысты қолданылады екен. Сондықтан Түркияда мереке қарсаңында алдын ала дайындалып, өзіне заттар сатып алып және жақсы амалдар жасау қалыптасқан.

Бір қызығы, Түркияның Наурыз мейрамының негізгі белгісі қасиетті от болып есептелген. Бүгінде бұл белгінің орнын отшашулар (фейерверк) алмастырылып келеді. Сонымен қатар мерекеде бөрек, юфка, леблеби, локум секілді тәттілер әзірленіп, фольклорлық аспаптар тобы өнер көрсетеді. Түріктер 23-наурызды – Наурыз мерекесінің алғашқы күні ретінде атап өтеді. Ол күні халық таңертең ерте тұрып, жаңа киімдерін киіп, зират басына барып дұға жасайды. Кейін бәрі бір дастарқан басына жиылып ас ішеді.

Қазақтар мерекеде алтыбақан құрса, түріктер ағашқа әткеншектер құрып, балалар «байрақ» жазуы бар батпырауықтарды ұшырады. Мейрамда туыс-жақындары мен көршілер бір-біріне қонаққа барып, әулеттің үлкендерін құттықтайды.

Ирандықтар көктем мерекесін 13 күн тойлайды. Алғашқы бес күнін дос-жаран, туыс-жақындарымен бірге наурызды күтіп алуға арнаса, тоғызыншы күн Шахрйаран Навруз есебінде тойлайды. Ал он үшінші күн Сизда бедар ретінде атап өтеді. Дәстүр бойынша ирандық әйелдер мейрам қарсаңында денсаулық пен сұлулық тілеп, оттан секіретін болған. Ал ерлер болса, қызыл түсті киім киіп, беттерін қара күйе немесе қара бояумен бояп, қала көшелерінде серуендейді.

Бұдан өзге Әзірбайжан, сондай-ақ Ресей мен Қытайдағы этникалық ұйғыр, қазақ, өзбек, дүнген халықтары да Наурыз мерекесін атап өтеді. Бұл жерде де мерекелік киім киіп, ән салып, би билеп тойлауды дәстүрге айналдырған. Мұнда да мерекеде жақсы амал жасап, жақындарын қуантуға, көмек беруге асығады.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

КҮНСҰЛУДЫҢ КЛИПІ ШЫҚТЫ

«Дарын» жастар сыйлығының иегері, Сыр елінің тумасы Күнсұлу Түрікпеннің «Мен сүйсем сүйемін» атты әнінің бейнебаяны көпшілікке ұсынылды.

Облыстық жастар ресурстық орталығында өткен шараға облыстық мәслихат депутаты, «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев пен кәсіпкер Гүлсара Шәкетова демеушілік жасады.

Сөзін ақын Мөлдір Айтбай жазған әннің бейнебаянын Алматыдағы қызылордалық талантты азамат, клипмәйкер-режиссер Нұрмұхаммед Демеуғазин түсірген. Мәдени басқосуда әнші мен режиссер әннің шығу тарихы және бейнебаянның түсірілу барысы туралы баяндады.

– Шағын туындымызға арнайы шара ұйымдастырып, елмен қауышуға себеп болған облыстық жастар орталығына, өнер жанашырларына алғысым шексіз. Интернет желісі мен телеарналардан бұрын, туған жерімде ән мен бейнебаянның тұсауы кесіліп жатыр, – деп ән авторы жылы лебізін білдірді.

Салтанатты шараға жиналған көрермен дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген жас әнші Күнсұлу Түрікпеннің туындысын тамашалап, жоғары бағасын берді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

ҮЙ ЖИНАУШЫ

Ертесіне зәулім үйдің ханымы Жанеркені құшақ жая қарсы алды. Тапсырма беруден аспайтын тұйық мінезі жайында қалған. Дастарқан басына шақырып, бірге шай ішті. Бір күнде балалармен тіл табысқанына алғысын білдіріп, қанша дегенмен жоғары білімді маман екенін айтып, мақтап қойды. Отағасының жұмысбасты, өте кірпияз екенін де жасырмады. Өзінің бірнеше бутикті үйде отырып басқаратынын айтты.

– Балаларды үйде жалғыз қалдыруға болмайды. Бизнеске аса ұқыптылық керек. Көзден таса етуге болмайды. Үй шаруасына үлгере алмаймын.

Мұнысы ақталу деп түсінді Жанерке. Әйтпесе, азаннан кешке дейін үйдегі әйелге үлгермейтіндей жұмыс жоқ. Таңертең және кешке ғана ашылып-жабылатын қақпадан артық адам кіріп-шықпайды. Осы оймен үй тазалау жұмысына кірісіп кетті. Кешегідей емес, бұл үйге бойы үйрене бастағандай. Жүгіріп жүріп бар шаруаны дөңгелетіп тастады. Балалармен кешегіден ұзағырақ ойнады, ән айтты, би биледі. Ең бастысы, қымбат жиһаздарға жолатпаса болды. Мұны кеше ханым қатаң ескерткен. Жастайынан ұғымтал Жанерке әр жиһаздың бағасы миллиондардан басталатынын кеше естіген. Сондықтан да әрқайсысын аялай сүртеді.

– Кешке қонақ келеді. Сәл кеш қайтарсыз, – деді ханым, жұмсақ креслода телефоннан бас алмай. Өзі жайбарақат.

– Бауырсақ, торт пісірейін бе?– деді Жанерке аптығып. Үйіне қонақ келетін болса анасы екеуі түнімен бар тәттіні қолдан пісіруге әбден үйренген.

– Бәрі дайын. Тек үстелге қойып шығамыз, – деді тағы да телефоннан көз алмай. Айтқанындай, есік қоңырауы басылды да үйге қорап-қорап зат келе бастады. Жанерке енді түсінді. Дайын тамақтың түр-түріне тапсырыс берген екен. Көптігі сонша, дастарқанға қойып үлгере алмай жатыр.

Жанеркенің іші ашығаны – қонақтан кейін дастарқанды жинауы. Тамақтың түр-түрін толтыра қойғанмен, кейбіреуі тіпті түртілмепті де. Ас та төк тағам сол күйі қоқысқа тасталды. «Обал-ай, астың обалына қалдық-ау» деп қиналды ол. Ал үй иесі үшін бұл қалыпты жағдай сияқты. Нанның қиқымын да обалы бар деп тастамайтын анасы мұны естісе қандай күйде болар екен?..

Айтпақшы, анасы Жанеркенің жұмысынан хабардар. Екі-үш күн жасырғанмен, әрі қарай шыдай алмады. Әнеукүні анасымен шай ішіп отырып ішіндегісін ақтарып салды. Өзі қаламаған мамандық, көп ақша табуды ойлау, таңдау жасауға мұрша бермеудің нәтижесін түсінген анасының көз жасы дастарқан шетіне тырс-тырс тамды…

***

Бұл күнде Жанерке өз жұмысына әбден үйреніп алғанмен, бала күннен тігінші болсам деген арманы кейкейде жылт ете қалатын. Әзірге тапқан табысы ата-анасының 4 жыл бойы алған несиесін азайтудан артылмай тұр. Ақша жинап тігін курсын оқысам, тігін машинасын алсам деген арманы бар.

– Анашым, ертең балабақшада ертегі қоямыз. Маған киім керек, – деді ентелей.

– Апай тілдер мерекесін тойлаймыз деді, – деп кішкентай қарындасын ағасы да қоштап қойды.

– Апайларың ертерек ескертпейді ме? Кеш түскенде қайдан табамын? – деп ашуланған анасы барлық танысына хабарласып шықты.

– Қолдан тігейік,– деді Жанерке.

– Қалааайй?

– Мата болса, мен қолымнан келгенше көрейін.

–Алақай, маған күнбағыстың киімі керек.

– Ал маған аюдың киімі.

Үй ханымы дереу бар матаны жайып салды. Мата болғанда қандай, жайнаған қымбат маталар. Жанерке ішінен қажетті матаны таңдап алды. Асықпай кесіп, піше бастады. Ханымның қызық үшін сатып алып, әлі қорабынан да шықпаған су жаңа тігін машинасын іске қосты. Жаңа үлгідегі тігін машинасында түрлі бағдарламалар да бар екен. Оюлап, гүлдеп, кестелеуге де болады. Жанеркенің қолы тігін машинасының алдында зырылдай жөнелді. Жүрегі дүрс-дүрс соғады. Қуаныштан бал-бұл жайнап отыр. Өзінің сүйікті кәсібімен айналысқан адам қандай бақытты. Әп-сәтте күнбағыс киімі дайын болды. Алтын түстес қымбат жібектен тігілген көйлек сүйкімді ханшайымға жараса кетті.

– Алақай, мен күнбағыспын!

Жанерке матаның қиындыларынан әдемі бантиктер де жасай қойды. Күнбағыс ханшайымның қуанышында шек жоқ. Бір кезде аюдың киімі де дайын болды. Үйдің ішін қуаныш кернеді.

– Сен қандай кереметсің!– деп құшақтап алған үй ханымы болашақ тігіншіге қайтарында қомақты сыйақы берді.

Осыдан кейін Жанерке үй шаруасын тез-тез аяқтап тігін машинасының алдына отыратын болды. Талай киім үлгілерінен альбом жасаған қыздың шабыты ашыла түсті. Кішкентайлардың балабақшадағы мерекелерге киетін киімі Жанеркенің қолынан шығатын болды. Бір күні үй иесіне де көйлек тігіп берді. Гардеробы киімге сыймай жататын ханымның сол күні қуанғанын көрсең. Екінші қабаттағы үлкен айна алдына он барып келді.

– Эксклюзив! Кешкі қонаққа осыны киетін болдым, – деп балаша шыр айналды.



Үш қабатты үй ханымы да Жанеркеге әбден бауыр басты, айрылғысы жоқ. Бұған дейін талай қызды апта сайын жұмыстан босататын ол қазір Жанеркенің қас-қабағына қарайтынын кейде өзі де байқамай қалады. Жалақысын қомақты етті, мереке күндері сыйақы беріп тұрады. Тіпті жаздығүні отбасымен шетелге шығатынын айтып, өзімен бірге ала кету үшін оның да құжатын түгендеп қойды. Үйіне азық-түлік алса, Жанеркенің де қалтасын қарсы болғанына қарамай тәттіге толтырып жібереді. Дүкен араласа сыйлық ала келетін болды. Ханымның бұл қамқорлығын артық санап, қысылатын. Мұндайда ол:

– Сендей білімді маман табу қиын,– деп асыра мақтайтын. Мұндайда ол «Тазалау үшін мамандықтың қажеті жоқ екенін біле тұра несіне айтады?» деп шамданып қалатын.

***

Үш қабатты үйдің кішкентай тұрғындары балабақшадан үйге жүгіре кірді.

***

Күндегі әдетпен жұмысқа асыққан Жанеркенің телефоны шырылдады. Телефонның ар жағындағы бейтаныс әйел қаладағы белгілі сән үйінің иесі екен. Ханымның құрбысы екенін, кешегі тіккен көйлегін көргенін айтып, біраз мақтау айтты.

– Бізге жұмысқа кел,– деді.

– Менің мамандығым тігінші емес. Шет тілі пәнінің мұғалімімін – деді ол сасқалақтап.

– Сені жұмысқа аламын!

***

Жанерке күндегіден ерте тұрды. Түрлі сызбаларға толы альбомын сөмкесіне салды. Шашын тарап, айна алдында тұр. Қуаныштан жүзі балбұл жанады. Шай дайындаған анасын құшақтап сүйді де жұмысқа асықты.

Бүгіннен бастап ол сән үйінің тігіншісі. Сүйікті мамандығының иесі! «Адамның ойлағаны орындалады екен ғой» деді ол бірінші рет.

Г.МҰРАТ

Соңы. Басы өткен санда.

Газеттің келесі саны 25 наурыз, бейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4850 **Тапсырыс №404**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ